КЕЛІСІЛДІ
Абай облысы білім басқармасы
Бородулиха ауданы
білім бөлімінің «Тополёк»
балабақшасының»
КМҚК әдіскері
Кузнецова О.В.
«12» қаңтар 2026 жыл

БЕКІТЕМІН
Абай облысы білім басқармасы
Бородулиха ауданы білім бөлімінің
«Тополёк» балабақшасының»
КМҚК меңгерушісі
Искабаева Ф.К. м.о. Кузнецова О.В
«12» қаңтар 2026 жыл

**Шебер –сынып**

**«Асық- ұмыт бола бастаған ұлттық мұрамыз»**

Тәрбиеші :Кенжебекова А.Т

Жезкент кенті 2026ж

**Шебер-сынып .Тақырыбы:**

**«Асық – ұмыт бола бастаған ұлттық мұрамыз»**

**Мақсаты:**

– Асық ойынының тәрбиелік, танымдық мәнін көрсету

– Ұлттық ойын арқылы баланың қимыл-қозғалысын, ойлауын, ептілігін дамыту ,қол моторикасын дамыту

–Әріптестерге асық ойындарын үйрету

**Шебер -сыныптың барысы:**

**І. Кіріспе бөлім (теориялық):**

- Асық – қазақ халқының ертеден келе жатқан ұлттық ойыны

- Ол тек ойын емес, баланың саусақ моторикасын, көзбен дәл көруін, зейінін, ептілігін дамытатын құрал

Асықпен ойнаған бала жан жақты дамиды.Зейіні тұрақталып,логикалық ойлау қабілеті дамиды. Асықты пайдалана отырып санай білуге, түстерді ажыратуға, топтастыруға үйретуге болады,кеңістікті бағдарлау ,сөздік қоры,ұсақ қол моторикасын дамытып,сабырға,бірлесе әрекет етуге ,ойын еркін жеткізуге баулиды. .

**Қысқаша тарихи мәлімет:**

– Ер балалар асық ойыны арқылы мергендікке, шапшаңдыққа үйренген

– Асықты жинап, бояп, сыйға тартқан

**ІІ. Практикалық бөлім**:

**1. Асық түрлерімен таныстыру:**

- **Сақа** – соғуға арналған, ауыр асық

- **Хан асық** – ерекше мән берілетін асық

- **Омпы** – тік тұрған күйі

-**«Шіге»**—(шік)-асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап ,шалқасыныан жатық түсуі.4.-ші дәрежеге ие.

-**«Бүге»-«бүк»**-асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап ,етпетінен жатық түсуі.

-**«Тәйке»(Тауа)**-асықтың иірілгенде шұңқырлау табаны жерге тиіп,тұрық түсуі.2-ші дәрежеге ие.

-**«Алшы»**-асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп ,тұрық түсуі.1-ші дәрежеге ие.

Асық –біздің ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатында қолданады.Бұл заманауи асық ойындар тәрбиеленушілерімізді қуанышқа бөлейді,шаттандырады.

**2. Түрлі түске боялған асықтармен жұмыс**

**Заманауи Ойын түрлерін көрсету**:

Бұл ойындар-балалардың ойлау қабілетін,қолдың ұсақ моторикасын дамытады.Түстерді ажыратуға көмектеседі.Шапшаңдыққа баулиды.

1. **«Домино» ойыны**.-

   Шарты:Екі ойыншы тұрады.Асықтар нөмірленген.(1,2,3,4,5)

   Тәрбиеші бір санды айтады.Балалар сол санды шапшаң тауып,ұяға салу керек.Кім бірінші салады,сол жеңімпаз.

2. **«Шертпе»** ойыны. Бұл ,яғни қол футболы ойыны.ойында екі жақта екі бала тұрып,бір-біріне асықты салады.Кім көп салады,сол жеңімпаз.
3. **«Сәйкестендіру»** ойыны. Бұл ойында асықтарды ортаға тастаймыз.Екі бала шығады.Балалар жылдамдықпен асықтарды санға қойып,сәйкестендіреді.Мыс:1санға 1асық,2санға 2асық деген сияқты.
4. **«Қармақ»** ойыны.Асықтарды түстерге сәйкес орналастырады.

5. **«Хоккей»** ойыны. Екі бала шығып балғамен асықтарға таласып ,өздерінің ұяшықтарына асық жинайды.
6. **«Ақ отау»** ойыны. Екі бала екі жақта отырып,белгі берілген кезден бастап араласқан асықтарды өз түстеріне сәйкестендіріп орналастырады.5түс берілген.5түсті асықты өз ұяшықтарына жинап шығу қажет. Мұнда тек бір асықты ғана орнынан қозғалтып жылжыту арқылы жинаймыз.Бұл логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.
7. **«Бау асық»**ойыны. Асықтарды көрсетілген сан бойынша жіпке тізеді.
8. **«Асықты сан бойынша орналастыр»** ойыны.Берілген тізбекке сан бойынша асықты тізу керек .
9. **«Қолғапқа массажы»**
10. **«Кім жылдам» ойыны.** Бұл ойында тәрбиеші түстерді айтып тұрады,балалар сол түсті қолмен көрсетеді.Ортада 1ғана асық тұрады.Тәрбиеші: «Асық»-деп ,айтқанда сол асықты бірінші болып жылдамдықпен ұстау керек.

**3.Тәрбиешілерді ойынға шығару.**

**4. Жағдаяттық тапсырма:**

– Әр қатысушы өз ұсынысын айтады

**Сергіту сәті. «Асық» әні»**

**III. Қорытынды бөлім:**

- Қатысушылардан кері байланыс алу

**- Қорытынды сөз:**

**«Асық – қазақтың балалық шағының айнасы. Оны балабақшада қайта жаңғырту – ұлттық рухты оятудың алғашқы қадамы».**

Қатысушыларға естелік ретінде асық оның түрлері туралы жазылған кітапша.

Қажетті құралдар:

- Нағыз асықтар

-Асық ойындарына арналған құрал жабдықтар

- Ойын алаңы

- Музыка: күй ,(асық әні)

**Түрлі түске боялған асықтармен жұмыс**

**Заманауи Ойын түрлерін көрсету**:

Бұл ойындар-балалардың ойлау қабілетін,қолдың ұсақ моторикасын дамытады.Түстерді ажыратуға көмектеседі.Шапшаңдыққа баулиды.




1. **«Домино» ойыны.-**

Шарты:Екі ойыншы тұрады.Асықтар нөмірленген.(1,2,3,4,5)

Тәрбиеші бір санды айтады.Балалар сол санды шапшаң тауып,ұяға салу керек.Кім бірінші салады,сол жеңімпаз.

2. **«Шертпе»** ойыны. Бұл ,яғни қол футболы ойыны.ойында екі жақта екі бала тұрып,бір-біріне асықты салады.Кім көп салады,сол жеңімпаз.



3. **«Сәйкестендіру»** ойыны. Бұл ойында асықтарды ортаға тастаймыз.Екі бала шығады.Балалар жылдамдықпен асықтарды санға қойып,сәйкестендіреді.Мыс:1санға 1асық,2санға 2асық деген сияқты.



4.

**«Қармақ»** ойыны.Асықтарды түстерге сәйкес орналастырады.



5. **«Хоккей»** ойыны. Екі бала шығып балғамен асықтарға таласып ,өздерінің ұяшықтарына асық жинайды.



6. **«Ақ отау»** ойыны. Екі бала екі жақта отырып,белгі берілген кезден бастап араласқан асықтарды өз түстеріне сәйкестендіріп орналастырады.5түс берілген.5түсті асықты өз ұяшықтарына жинап шығу қажет. Мұнда тек бір асықты ғана орнынан қозғалтып жылжыту арқылы жинаймыз.Бұл логикалық ойлау қабілеттерін дамытады.





7. **«Асықты сан бойынша орналастыр»** ойыны.Берілген тізбекке сан бойынша асықты тізу керек .
8. **«Қолғапқа массажы»**
9. **«Кім жылдам» ойыны.** Бұл ойында тәрбиеші түстерді айтып тұрады,балалар сол түсті қолмен көрсетеді.Ортада 1ғана асық тұрады.Тәрбиеші: «Асық»-деп ,айтқанда сол асықты бірінші болып жылдамдықпен ұстау керек.